

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропалық қоғамдастықтар комиссиясы арасындағы "2005 жылға арналған ТАСИС іс-қимыл өнірлік бағдарламасы" бойынша бірнеше елді қамтитын бағдарламалар жөніндегі қаржылық келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 1331 Қаулысы

### Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропалық қоғамдастықтар комиссиясы арасындағы "2005 жылға арналған ТАСИС іс-қимыл өнірлік бағдарламасы" бойынша бірнеше елді қамтитын бағдарламалар жөніндегі қаржылық келісімнің жобасы оған Қазақстан Республикасы Үкіметінің түсіндіруі туралы мәлімдемесімен бірге мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі Виктор Васильевич Супрунға Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропалық қоғамдастықтар комиссиясы арасындағы "2005 жылға арналған ТАСИС іс-қимыл өнірлік бағдарламасы" бойынша бірнеше елді қамтитын бағдарламалар жөніндегі қаржылық келісімге оған Қазақстан Республикасы Үкіметінің түсіндіруі туралы мәлімдемесімен бірге қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министриңін

міндетін атқарушы

## БІРНЕШЕ ЕЛДЕРДІ ҚАМТИТЫН БАҒДАРЛАМАЛАР БОЙЫНША ҚАРЖЫЛЫҚ КЕЛІСІМ

### АРНАЙЫ ШАРТТАР

Бұдан әрі "Комиссия" деп аталатын Еуропалық Қоғамдастықтар Комиссиясы ұсынған, бұдан әрі "Қоғамдастық" деп аталатын Еуропалық Қоғамдастық

бір тараптан және

бұдан әрі "Бенефициар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі екінші тараптан  
ТӨМЕНДЕГІЛЕР ТУРАЛЫ УАҒДАЛАСТЫ:

## **1-БАП - ОПЕРАЦИЯНЫҢ МӘНІ МЕН МАҚСАТЫ**

1.1. Қоғамдастық II қосымшадағы Техникалық және әкімшілік ережелерде жазылған бұдан әрі Бағдарлама деп аталатын **ТАСИС-тің іс-қимылдарының 2005 жылға арналған өнірлік бағдарламасын** қаржыландыруға өз үлесін қосады.

1.2. Бағдарлама Қаржылық келісімге және оның қосымшаларына: Жалпы шарттар (I қосымша) мен Техникалық және әкімшілік ережелер (II қосымша) сәйкес орындалады.

## **2-БАП - ҚОҒАМДАСТЫҚТЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ҮЛЕСІ**

2.1. Бағдарламаның жалпы құны 53.6 миллион Евроға<sup>1</sup> бағалануда.

2.2. Қоғамдастық ең көп дегенде 53.6 миллион Евро бөлуді міндеттенеді. Бюджеттік баптар бойынша Қоғамдастықтың қаржылық үлесін бөлу II қосымшаның Техникалық және әкімшілік ережелеріне қосылған бюджетте көрсетілген.

---

<sup>1</sup> Индикативті түрде Қазақстанға бұл сомадан 5.1 млн. Евро бөлінеді.

## **3-БАП - БЕНЕФИЦИАРДЫҢ ҮЛЕСІ**

3.1. Бенефициар бағдарламаға қаржылық үлес қоспайды.

3.2. Бенефициардың қаржылық емес үлесі бойынша Техникалық және әкімшілік ережелерде, қаржылық келісімге II қосымшада егжей-тегжейлі уағдаластықтар жасалады.

3.3 Бенефициарлар бұл Бағдарлама жобаларын қаржыландыруға міндетті емес.

## **4-БАП - ОРЫНДАЛУ КЕЗЕҢІ**

Қаржылық келісімнің орындалу кезеңі қаржылық келісімнің күшіне енген сәтінен басталады және 31.12.2012 жылы аяқталады. Аталған орындалу кезеңі екі кезеңнен: қаржылық келісімнің күшіне енген сәтінен басталатын және 31.12.2010 жылы аяқталатын операциялық іске асыру кезеңінен тұрады. Және осы күннен бастап орындалу кезеңінің соңында аяқталатын аяқталу кезеңі басталады.

Жобалардың қоса беріліп отырган тізімінде көрсетілген әрбір жоба бойынша Қаржылық келісімге тиісінше әрбір жоба қамтитын әріптес елдерден ең аз дегенде екеуі қол қойған жағдайда келісім-шартқа қол қоюға болады. Елдер Қаржылық келісімге екінші қол қойғандағанда ғана олар жобадан түсетін пайданы ала алады.

## **5-БАП - ҚАРЖЫЛЫҚ КЕЛІСІМДІ ІСКЕ АСЫРУҒА АРНАЛҒАН КЕЛІСІМ-ШАРТТАРҒА СОҢҒЫ ҚОЛ ҚОЮ КҮНІ**

Қаржылық келісімді іске асыруға арналған келісім-шарттар ең кеш дегенде 05.08.2008 жылы қол қойылады. Бул соңғы мерзім ұзартылмайды.

## **6-БАП - МЕКЕН ЖАЙЛАР**

Қаржылық келісімді іске асыруға қатысты барлық хабарлар жазбаша түрде, бағдарламаға арналған нақты сілтемесі болуы және мына мекен жайлар бойынша жіберілгүй тиіс:

### **a) Комиссия ушін**

Mr. Richard WEBER  
Director  
EuropeAid Co-operation Office  
Commission of the European Communities  
Rue de la Loi 200  
B-1049 Brussels Belgium

Fax: +32 2 295 74 82

**b) Бенефициар үшін**

В и к т о р С у п р у н м ы р з а  
Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау  
вице-министрі  
Қазақстан Республикасы  
0 1 0 0 0 0 , Астана  
Женіс данғылы - 11 922-каб.

Факс: + 7 (3172) 71 8545

## **7-БАП - КОСЫМШАЛАР**

7.1. Мына құжаттар аталған келісімге қоса беріледі және оның ажырамас бөліп болып табылады:

## I қосымша: Жалпы шарттар

II қосымша: Техникалық және әкімшілік ережелер.

7.2. Қаржылық келісімнің Қосымшалары мен Арнайы шарттарының ережелері арасында қайшылық болған жағдайда Арнайы шарттардың ережелері басымдыққа ие болады. I қосымша мен II қосымшаның ережелері арасында қайшылық болған жағдайда I қосымшаның ережелері басымдыққа ие болады.

# **8-БАП - БАГДАРЛАМАҒА ҚОЛДАНЫЛАТЫН БАСҚА Да АРНАЙЫ ШАРТТАР**

8.1. Жалпы шарттар мынадай ережелермен толықтырылды:

8.1.1. 1-ші қосымша - "Жалпы шарттар" 3.1-бабына қатысты, іске асыру  
бенефициардың мүддесіне жүзеге асырылады деп үйфарылып отыр.

8.1.2. Жалпы шарттардың 8.2-бабына қатысты, осы бағдарлама бойынша бенефициарларға қатысты емес деп үйгіралып отыр.

8.2. Қаржылық келісімге тиісінше әрбір жоба қамтитын әріптес елдерден ең аз дегенде екеуі қол қойған жағдайда келісім-шарт жасалуы мүмкін. Елдер Қаржылық келісімге екінші қол қойғаннан кейін ғана олар жобадан түсетін пайданы ала алады.

## **9-БАП - ҚАРЖЫЛЫҚ КЕЛСІМНІҢ КУШІНЕ ЕНУІ**

Осы Қаржылық келісім оған қол қойған екі тараптың соңғысының қол қойған күнінен бастап күшіне енеді және 2006 жылдың 31 желтоқсанынан аспау керек. 2006 жылғы 31 желтоқсанға дейін немесе сол күні қол қойылған шарттар осы Келісімнің күші мен оның барлық нәтижелерінің жойылуына әкеліп соғуы мүмкін.

Осы Қаржылық келісім ағылшын тілінде екі түпнұсқа данада жасалды.

## КОМИССИЯ УШН

## БЕНЕФИЦИАР УШН

Ричард Вебер мырза

Виктор Супрун мырза

## Директор

Қазақстан Республикасы

## EuropeAid жәрдемдесу оғисі

## Экономика және бюджеттік

## Еуропалық Комиссия

жоспарлау вице-министрі

Брюссель

Астана

Kyhi:

Kvhi:

## I ҚОСЫМША - ЖАЛПЫ ШАРТТАР

## **І ТАРАУ - ЖОБАНЫ/БАГДАРЛАМАНЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ**

## **1-БАП - ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1.1 Қоғамдастықтардың қаржылық үлесі қаржылық келісімде айқындалған сандегіндегі болуы тиіс.

1.2 Қоғамдастықтардың қаржылық үлесін беру Бенефициар қаржылық келісім бойынша қабылданған міндеттемелерді орындаған жағдайда жүргізилуге тиіс.

## **2-БАП - АРТЫҚ ШЫҒЫН ЖӘНЕ ОНЫ ЖАБУ**

2.1 Қаржылық келісім бюджетінің жекелеген баптары бойынша артық шығын аталған "Жалпы шарттардың" 17-бабына сәйкес жалпы бюджет ішінде қаражатты қайта б ө л у а р қ ы л ы ж а б ы л ү ы т и і с .

2.2 Қаржылық келісім бойынша айқындалған қаражаттың жалпы санының артық шығын тәуекелі кезінде Комиссия жобаны/бағдарламаны қысқартуы не Бенефициардың меншік ресурстарын немесе Қоғамдастықтардың ресурстарынан өзгеше басқа да ресурстарды тартуы мүмкін.

2.3 Жобаны/бағдарламаны қысқарту мүмкін болмаған кезде немесе егер қаражаттың артық шығының Бенефициардың ресурстарымен немесе басқа да ресурстармен жабу мүмкін болмаса, Комиссия айрықша жағдайда қосымша қаржы субсидияларын ұсынуы мүмкін. Мұндай келісім болған кезде шығыстардың артық қалуы Комиссия айқындаған мөлшерде қосымша қаржы үлес есебінен Қоғамдастықтардың тиісті ережелері мен рәсімдеріне залал келтірмей қайта қаржыландырылуы мүмкін.

## **II ТАРАУ - ИСКЕ АСЫРУ**

### **3-БАП - ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

3.1 Жобаны/бағдарламаны Бенефициар үшін және оның атынан әрекет ететін Еуропалық Комиссия іске асырады.

3.2 Делегация басшысы Бенефициардың мемлекетінде Еуропалық Комиссияны білдіреді.

## **4-БАП - ОРЫНДАЛУ МЕРЗІМІ**

4.1 Қаржылық келісімде қаржылық келісімнің күшіне енген күнінен басталатын және "Арнайы шарттардың" 4-бабында көрсетілген күнге сәйкес аяқталатын орындалу мерзімі көрсетілуі тиіс .

4.2 Аталған орындалу мерзімі екі кезеңнен тұрады:

- барлық негізгі іс-шаралар жүргізілетін шенберде практикалық іске асыру кезеңі. Аталған кезең қаржылық келісім күшіне енген күнінен басталады және орындалу мерзімінің соңына дейін 24 айдан кешіктірмей аяқталады;

- түпкілікті аудит және бағалық талдау жүргізілетін, сондай-ақ техникалық және қаржылық жағынан қаржылық келісім бойынша барлық келісім-шарттар жабылатын қорытынды кезеңі. Аталған кезең практикалық іске асыру кезеңі ақталған күнінен басталады және осы күннен кейін 24 айдан кешіктірмей аяқталады.

4.3 Негізгі іс-шаралар бойынша шығыстарды олар практикалық іске асыру кезеңі

ішінде туындаған жағдайда ғана Комиссия қайта қаржыландыруы мүмкін. Тұпкілікті аудит және бағалық талдау жүргізу жөніндегі шығыстар қорытынды кезеңінде аяғына дейін заңды болып табады.

4.4 Қоғамдастық қосқан үлестен кейін қалған кез келген теңгерім орындалу мерзімі аяқталғаннан кейін алты айдан соң автоматты түрде күшін жояды.

4.5 Ерекше және уақтылы негізделген жағдайларда практикалық іске асыру кезеңін және тиісінше орындалу мерзімін ұзарту жөнінде сұрау салынуы мүмкін. Егер ұзартуды Бенефициар жасаса, онда сұрау практикалық іске асыру кезеңінде соңына дейін кемінде үш ай қалғанда жасалуы және осы мерзім ішінде оны Комиссия мақұлдауы тиіс.

4.6 Ерекше және уақтылы негізделген жағдайларда және практикалық іске асыру кезеңі аяқталғаннан кейін, қорытынды кезеңін және тиісінше орындалу мерзімін ұзарту жөнінде сұрау салынуы мүмкін. Егер ұзартуды Бенефициар жасаса, онда сұрау қорытынды кезеңінде соңына кемінде үш ай қалғанда жасалуы және осы мерзім ішінде оны Комиссия мақұлдауы тиіс.

### **ІІІ ТАРАУ - КЕЛІСІМ-ШАРТТАР МЕН ГРАНТТАР БЕРУ**

#### **5-БАП - ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

Қаржылық келісімді іске асыратын барлық келісім-шарттар тиісті ресімдердің басынан бастап әрекет ететін сыртқы іс-шараларды іске асыру үшін Комиссия айқындаған және жариялаған ресімдер мен стандартты құжаттарға сәйкес жасалуы және орындалуы тиіс.

#### **6-БАП - ҚАРЖЫЛЫҚ КЕЛІСІМДІ ИСКЕ АСЫРАТЫН КЕЛІСІМ-ШАРТТАРҒА СОНҒЫ ҚОЛ ҚОЮ МЕРЗІМІ**

6.1 Қаржылық келісімді іске асыратын келісім-шарттарға Комиссия бюджеттік міндеттемені қабылдағаннан кейін үш жыл ішінде, атап айтқанда "Арнайы шарттардың" 5-бабында көрсетілген күнге дейін екі тараф қол қоюға тиіс. Аталған тұпкілікті мерзім ұзаралмайды.

6.2 Жоғарыда көрсетілген ереже кейіннен қол қойылуы мүмкін аудит және бағалау іс-шараларын жүргізу жөніндегі келісім-шарттарға қолданылмайды.

6.3 "Арнайы шарттардың" 5-бабында көрсетілген мерзімде қаражаттың кез келген қалдығына қол қойылмаған келісім-шарт күшін жояды.

6.4 Келісім-шарт, оған қол қойғаннан кейін үш жыл ішінде төлем жүргізілмес қаражатты алып қоюмен оның қолданысы автоматты түрде тоқтатылады.

## **7-БАП - ЗАНДЫЛЫҒЫ**

7.1 Жұмыстарға, қызметтерге немесе жеткізулерге арналған келісім-шарттарды беру жөніндегі тендерге шақыруларға қатысу Қоғамдастықтарға мүше мемлекеттердің барлық жеке және занды тұлғалары үшін және алушы үшінші елдердің барлық жеке және занды тұлғалары немесе аталған актілерде нақты көрсетілген кез келген басқа үшінші ел үшін ынтымақтастықтың тиісті секторын реттейтін негізгі актілердің ерекше ережелеріне сәйкес тең жағдайларда ашық болуы тиіс.

7.2 Өтінім беру конкурсына қатысу Қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің барлық занды тұлғалары үшін және алушы үшінші елдердің барлық занды тұлғалары немесе аталған актілерде нақты көрсетілген басқа үшінші ел үшін ынтымақтастықтың тиісті секторын реттейтін негізгі актілердің ерекше ережелеріне сәйкес тең ашық болуы тиіс.

7.3. Комиссия мақұлдаған ерекше және уақтылы негізделген жағдайларда, ынтымақтастықтың тиісті секторын реттейтін негізгі актілердің ерекше шарттары негізінде 1 және 2-параграфтарда көрсетілгеннен басқа үшінші елдердің өкілдеріне келісім-шарттарды беру тендерлеріне қатысуға рұқсат беру туралы шешім қабылдануы мұмкін.

7.4 Қоғамдастықтар қаржыландыратын және жұмыстарға, жеткізулер мен қызметтерге арналған келісім-шарттарды орындау үшін қажетті тауарлар мен қызметтер, сондай-ақ қаржыландырылатын іс-шараларды орындау үшін гранттарды алушылар ұйымдастырған сатып алу рәсімдер алдағы үш параграфтарда жазылған шарттарда қатысуға құқығы бар елдерде өндірілуі тиіс.

7.5 Аталған ұлттық тиесілік ережесі сондай-ақ Қоғамдастықтар қаржыландыратын тендерлік рәсімдерге немесе қызметтерге арналған келісім-шарттарға қатысуши қызметтерді жеткізушилер ұсынған сарапшыларға қолданылуы тиіс.

## **IV ТАРАУ - КЕЛІСІМ-ШАРТТАРДЫ ОРЫНДАУҒА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЕРЕЖЕ**

### **8-БАП - ТҰРУ ҚҰҚЫҒЫ**

8.1 Келісім-шарт сипатының негіздемесі кезінде жұмыстарға, жеткізулерге және қызметтерге арналған келісім-шарттарды беруге арналған тендерлік рәсімдерге шақыруға қатысатын жеке және занды тұлғалар Бенефициар елде тұру құқығына ие болуы тиіс. Аталған құқық келісім-шартты бергеннен кейін бір ай бойы жарамды болуы тиіс.

8.2 Келісім-шартты орындау үшін қызметтері қажетті мердігерлер (грант алушыларды қоса алғанда) мен жеке тұлғалардың, сондай-ақ олардың отбасы мүшелерінің жобаны/бағдарламаны іске асыру кезінде осындай құқықтары болуы тиіс.

## **9-БАП - САЛЫҚТЫҚ ЖӘНЕ КЕДЕНДІК ЕРЕЖЕЛЕР**

9.1 "Арнайы шарттарда" арнайы жазылған жағдайларды қоспағанда Қоғамдастықтардың қаржылай көмегі салықтық, кедендік немесе басқа да баждардан (қосылған құн салығынан, немесе басқа да осыған ұқсас салықтарды қоса алғанда) босатылуы тиіс.

9.2 Бенефициар ел Қоғамдастық қаржыландыратын сатып алатын келісім-шарттарға немесе гранттарға қатысты елде әрекет ететін мемлекеттік немесе халықаралық донорлық ұйымдарға қолданатын негұрлым жеңілдікті салық және кедендік рәсімдерді қолдануы тиіс.

9.3 Егер Негізdemelіk келісімде немесе ресми хаттарда аталған мәселе бойынша егжей-тегжейлі ережелер қамтылса, олар да қолданылуы тиіс.

## **10-БАП - ШЕТЕЛДІК ВАЛЮТАНЫ АЙЫРБАСТАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ**

10.1 Бенефициар ел жобаны іске асыру үшін қажетті шетелдік валютаны әкелуді немесе сатып алуды қамтамасыз етуге міндеттенеді. Ол, сондай-ақ аталған "Жалпы шарттардың" 7-бабына сәйкес қатысуға рұқсат алған мердігерлерге қатысты кемсітусіз шетелдік валютаны ресми айырбастау ережесін қолдануға міндеттенеді.

10.2 Егер Негізdemelіk келісімде немесе ресми хаттарда аталған мәселе бойынша егжей-тегжейлі ережелер қамтылса, оларда қолданылуы тиіс.

## **11-БАП - ЗЕРТТЕУЛЕР БАРЫСЫНДА АЛЫНГАН ДЕРЕКТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ**

Егер қаржылық келісім зерттеулер жүргізуді қамтыса, қаржылық келісімді іске асыру үшін қол қойылған аталған зерттеулерді жүргізу жөніндегі жасалған келісім-шарттар зерттеуге арналған меншік құқығын және алынған деректерді пайдаланудағы, оларды жариялау немесе үшінші тарапқа берудегі Бенефициар мен Комиссияның құқығын басқару тиіс.

## **12-БАП - КЕЛІСІМ-ШАРТТАР БОЙЫНША ҚАЙТАРЫЛҒАН ҚАРАЖАТТЫ БӨЛУ**

12.1 Дұрыс жүргізілген төлемдерден қалпына келтірілген немесе алдын ала қаржыландыруға арналған кепілдіктерден немесе осы қаржылық келісім бойынша қаржыландыратын келісім-шарттар негізінде ұсынылған орындау кепілдіктерінен алынған қаражат жобаға/бағдарламаға берілуі тиіс.

12.2 Келісім-шартты бекітетін сатып алу келісім-шартының контекстінде тендер қатысушыларына тарап салған алынып тасталуы мүмкін қаржы айыппұлдары,

тендерлік кепілдіктер сауалы, сондай-ақ Комиссияға келтірілген залалды өтеу Қоғамдастықтардың жалпы бюджетіне жүргізілуі тиіс.

# В ТАРАУ - НЕГІЗГІ ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

13-БАП - КӨРІНІСІ

13.1 Қоғамдастық қаржыландыратын әрбір жоба/бағдарлама тиісті коммуникациялық және ақпараттық іс-шараларды басшылыққа алуы тиіс. Осы іс-шаралар Комиссияның келісімі болған кезде айқындалуы қажет.

13.2 Аталған коммуникациялық және ақпараттық іс-шаралар бұл іс-шараларды іске асыру кезінде әрекет ететін сыртқы іс-шаралардың көрінісін қамтамасыз ету үшін Комиссия баяндаған және жариялаған ережеге сәйкес өткізілүі тиіс.

## **14-БАП - БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ, АЛАЯҚТЫҚТЫ ЖӘНЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ БОЛДЫРМАУ**

14.2 "Бұзушылық" дегеніміз Еуропалық Қоғамдастықтардың жалпы бюджетіне немесе Қоғамдастықтар басқаратын қаражатқа Еуропалық Қоғамдастықтардың атынан жинақталған меншік қаражаты немесе ақталмаған шығыстар есебінен алынған табысты азайту немесе жоғалту түрінде зиян келтіріп отырған немесе келтіретін экономикалық субъектінің әрекетінен немесе әрекетсіздігінен көрінетін қаржылық келісімдер, келісім-шарттар немесе Қоғамдастықтардың зандары ережелерінен кез келген ауытқуды білдіреді.

## "А л а я қ т ы қ" д е г е н і м і з :

- Еуропалық Қоғамдастықтардың жалпы бюджетінің немесе Қоғамдастықтар немесе оның атынан басқаратын бюджет қаражатын заңсыз немесе мақсатсыз ұстап қалуға әкелуі мүмкін жалған, дұрыс емес немесе толық емес-құжаттаманы немесе мәліметтерді пайдалануға немесе ұсынуға;

- ерекшелік міндеттемелерге, осындай салдарымен зиян келтіретін ақпаратты жаңасыруға;

- осындай қараждатты олардың бастапқы мақсатынан басқа мақсатта заңсыз пайдалануға қатысты кез келген әдейі әрекет немесе әрекетсіздікті білдіреді.

Бенефициар бұзушылық немесе алаяқтық дейтіндей күдік тудыратын кез келген жағдайлар туралы Комиссияны дереу хабардар етуге тиіс.

14.3 Бенефициар келісім-шарттарды немесе гранттарды беру немесе оларды іске асырудағы рәсімнің кез келген сатысында белсенді немесе пассивті сыйайлас жемқорлықтың кез келген көрінісін жою үшін барлық ықтимал шараларды қолдануға міндеттенеді. "Пассивті сыйайлас жемқорлық" дегеніміз ресми тұлғаның тікелей немесе делдал арқылы жеке өзі үшін немесе үшінші тарап үшін кез келген түрде сыйақы сұраған немесе алған немесе ол белгілі бір әрекет немесе әрекетсіздік жасаған кезде немесе ол Еуропалық Қоғамдастықтардың қаржылық мұдделерін кемсітуге әсері бар немесе әсер ететін ресми міндеттерін бұзудағы өз қызмет бабын пайдаланған кезде осындай сыйақы берілетініне уәде алған әдейі әрекетін білдіреді. "Белсенді сыйайлас жемқорлық" дегеніміз кімде-кімнің ресми тұлғага жеке ол үшін немесе үшінші тарап үшін, ол белгілі бір әрекет немесе әрекетсіздік жасау үшін немесе ол Еуропалық Қоғамдастықтардың қаржылық мұдделерін кемсітетін немесе кемсітуі мүмкін ресми міндеттерін бұзуда өз қызмет бабын пайдалану үшін тікелей немесе делдал арқылы сыйақының кез келген түрін беруге уәделенуде немесе ұсынудағы әдейі әрекетін білдіреді.

## **15-БАП - КОМИССИЯ, СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС ЖӨНІНДЕГІ ЕУРОПАЛЫҚ ОФИС (СЖҚКЕО) ЖӘНЕ ЕУРОПАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚТАРДЫҢ ЕСЕП ПАЛАТАСЫ ТАРАЛЫНАН ЖҮРГІЗІЛЕТІН БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ТЕКСЕРУ**

15.1 Бенефициар Комиссия, СЖҚКЕО және Еуропалық Қоғамдастықтардың Есеп Палатасы қаржылық келісім бойынша (келісім-шарттар мен гранттарды беру жөніндегі рәсімді қоса алғанда) бөлінген Қоғамдастықтардың қаражатын пайдалану жөнінде жергілікті жерлерде құжаттамалық тексерістер, сондай-ақ қажет болған жағдайда шоттарға қосымша құжаттар мен бухгалтерлік құжаттар немесе жобаны/бағдарламаны қаржыландыруға қатысты басқа да кез келген құжаттар негізінде келісімнің бар мерзімі және соңғы төлемнің күнінен кейін жеті жыл ішінде толық аудит жүргізу мүмкіндігімен келіседі.

15.2 Бенефициар, сондай-ақ СЖҚКЕО-ның жергілікті жерлерде Қоғамдастықтардың заңнамасында жазылған рәсімдерге сәйкес алаяқтық пен бұзушылықтарға қатысты Еуропалық Қоғамдастықтардың қаржылық мұддесін қорғау үшін тексерістер мен бақылау жүргізуі мүмкін екендігімен келіседі.

15.3 Осы мақсатта Бенефициар Комиссияның, СЖҚКЕО-ның және Еуропалық Қоғамдастықтардың Есеп Палатасының ресми өкілдеріне және олардың уәкілетті агенттеріне компьютерлік жүйелерді, сондай-ақ осы іс-шараларды техникалық және қаржылық басқаруға қатысты кез келген құжаттамалық және компьютерлендірілген деректерді қоса алғанда, қаржылық келісім бойынша қаржыландырылған іс-шаралар

Еткізілген орындар мен үй-жайларға қол жеткізуді қамтамасыз етуге және осы жұмыстарды жеделдешу үшін барлық ықтимал шараларды қабылдауға міндеттенеді. Еуропалық Комиссияның, СЖҚКЕО мен Еуропалық Қоғамдастықтардың Есеп Палатасының уәкілетті агенттері үшін қол жеткізу үшінші тарапқа қатысты қатаң құпиялышты сақтай отырып, мемлекеттік құқықтық міндеттемелерге зиян тигізбей берілу тиіс. Құжаттар қол жетімді және оларды қолайлы инспекциялауды қамтамасыз ететін тәртіpte тігілуі қажет және Бенефициар Комиссияға, СЖҚКЕО мен Еуропалық Қоғамдастықтардың Есеп Палатасына олардың нақты орналасқан жері туралы х а б а р л а у ы т и і с .

15.4 Жоғарыда сипатталған тексерістер мен аудит Қоғамдастықтардың қаржыландыруын алатын мердігерлер мен қосалқы мердігерлерге қатысты да қ о л д а н ы л у ы т и і с .

15.5 Бенефициар жергілікті жерлерде тексерістер жүргізу үшін тағайындалған Комиссия, СЖҚКЕО мен Еуропалық Қоғамдастықтардың Есеп Палатасы агенттерінің келетіні туралы хабардар етілуі тиіс.

## **16-БАП - КОМИССИЯ МЕН БЕНЕФИЦИАР, АРАСЫНДАҒЫ КОНСУЛЬТАЦИЯЛАР**

16.1 Бенефициар мен Комиссия қаржылық келісімнің баптарын іске асыру немесе түсіндіру туралы даулы мәселелер туындағанға дейін бірі-біріне консультация беру  
к а ж е т .

16.2 Бұл консультациялар қаржылық келісімнің өзгеруіне, тоқтата тұруға немесе тоқтатылуына алып келу мүмкін.

**17-БАП - ҚАРЖЫЛЫҚ КЕЛІСІМГЕ ТҮЗЕТУЛЕР ЕҢГІЗУ**

17.1 "Арнайы шарттарға" және қаржылық келісімнің II қосымшасына енгізілетін кез келген түзетулер жазбаша түрде енгізілуі және қосымшада жазылуды тиіс.

17.2 Егер түзетуге сұрауды Бенефициар жасаса, онда ол Комиссияға Алуштының уақтылы негіздемелері болған және Комиссия мақұлдаған жағдайларды қоспағанда, осы түзетудің болжам бойынша күшіне енуіне дейін кем дегенде үш ай бұрын сұрау салу тиіс.

17.3 Іске асырудың практикалық кезеңі мен қорытынды кезеңін ұзартудың ерекше жағдайлары аталған "Жалпы шарттардың" 4(5) және (6)-баптарында баяндалған.

## 18-БАП - ҚАРЖЫЛЫҚ КЕЛІСІМДІ ТОҚТАТА ТҮРУ

18.1 Қаржылық келісім мынадай жағдайларда тоқтатыла тұруы мүмкін:  
(а) егер Алушы осы келісім бойынша міндеттемелерді бұзған жағдайда, Комиссия

қаржылық келісімнің қолданысын тоқтата тұруы мүмкін.

(б) егер Бенефициар адам құқығына, демократиялық қағидаттарға қатысты міндеттемелер мен заң нормаларын бұзған жағдайда, сондай-ақ сыйайлас жемқорлыққа жол берілген жағдайларда, Комиссия қаржылық келісімнің қолданысын тоқтата тұруы мүмкін.

(в) Қаржылық келісім төменде көзделген форс мажор жағдайында тоқтатыла тұруы мүмкін. "Форс мажор" дегеніміз тараптардың біреуіне өз міндеттемелерін орындауға кедергі жасайтын, және ол тараптардың (немесе мердігерлердің, агенттер мен жұмыскерлердің) қателігіне немесе ұқыпсыздықпен қарағанына байланысты емес кез келген күтпеген және айрықша ахуалды немесе оқиғаны білдіреді, және де ол барлық салған күштерге қарамастан, еңсерілмейтін болып табылады. Жабдықтар мен материалдардағы ақаулары немесе оларды орнатуды кешіктіру, еңбек ұжымындағы даулар, ереуілдер немесе қаржылық қындықтар форс мажор ретінде пайдаланылмайды. Тарапқа міндеттемелерін орындауға форс мажорлық жағдай кедергі болған кезде, оларды бұзғаны жөнінде талаптар қойылмайды. Форс мажорға ұшыраған тарап ол туралы ықтимал ұзақтығы мен болжамды тигізетін әсерін сипаттай отырып, екінші тарапқа дереу хабарлау, сондай-ақ ықтимал залалды азайту үшін барлық шараларды қабылдауды қажет.

18.2 Тоқтата тұру шешімі туралы алдын ала хабарлама берілмейді.

18.3 Тоқтата тұру туралы хабарлама болған жағдайда ағымдағы келісім-шарттарға немесе қол қойылуға тиіс келісім-шарттарға оның салдарын белгілеу қажет.

## **19-БАП - ҚАРЖЫЛЫҚ КЕЛІСІМДІ ТОҚТАТУ**

19.1 Егер қаржылық келісімді тоқтата тұруға әкелген мәселелер ең жоғары кезең, төрт ай ішінде шешілмесе, қаржылық келісімді тоқтату туралы екінші тарапқа екі ай бұрын хабарлап, кез-келген тарап оны тоқтатуы мүмкін.

19.2 Егер қаржылық келісімге қол қойылғаннан кейін үш жыл ішінде қандай да бір төлемдер жүргізілмесе немесе "Арнайы шарттардың" 5-бабында көрсетілген күнге оны іске асыру жөнінде келісім-шарттарға қол қойылмаса, қаржылық келісімнің қолданысы автоматты түрде тоқтатылады.

19.3 Тоқтату туралы хабарлама болған жағдайда ағымдағы келісім-шарттарға немесе қол қойылуға тиіс келісім-шарттарға оның салдарын белгілеу қажет.

## **20-БАП - ПІКІРСАЙЫСТАРДЫ ШЕШУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАР**

20.1 Аталған "Жалпы шарттардың" 16-бабында баяндалған тараптар арасындағы консультациялардың алты ай ішінде шешілуі мүмкін емес қаржылық келісімге қатысты кез-келген пікірсайыс бір тараптың сұрауы бойынша арбитражда қаралуы мүмкін.

20.2 Бұл жағдайда, әрбір тарап арбитражды жүргізуге арналған сұраудан кейін 30

күннің ішінде арбитрді тағайындауы қажет. Қажет болған жағдайда, тараптардың біреуі екінші арбитрді тағайындау жөніндегі өтінішімен Тұрақты арбитраж сотының (Гаагада) Бас хатшысына өтініш жасауы мүмкін. Өз кезегінде, екі арбитр 30 күннің ішінде үшінші арбитрді тағайындауды. Қажет болған жағдайда, кез-келген тараптың біреуі Тұрақты арбитраж сотының Бас хатшысына үшінші арбитр тағайындау жөнінде

20.3 Егер арбитрлар басқа шешім қабылдамаса, онда Тұрақты арбитраж сотының "Халықаралық үйымдарды тарта отырып арбитражды жүргізудің факультативтік ережелері" бойынша рәсімдер пайдаланылады. Арбитрлардың шешімдері үш айдың ішінде басым дауыспен қабылдануы тиіс.

20.4 Тараптардың әрқайсысы арбитрлардың шешімдерін орындау үшін қажетті шараптар қабылдауға міндетті.

## **П ҚОСЫМША - ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘКІМШЛІК ҚОСЫМШАЛАР**

# ТАСИС ІС-ӘРЕКЕТТЕРІНІҢ 2005 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ӨҢІРЛІК БАҒДАРЛАМАСЫ

## 1. Белгілеу

<b>Б ю д ж е т жолы:</b>	19.06.01
<b>Ж а л п ы күны:</b>	E 53.6 миллион
<b>З а н д ы к негізdemесі:</b>	Шығыс Еуропадағы, Кавказдағы және Орталық Азиядағы (ЕЕСА) әріптес елдерге қомектесу туралы ережеге қатысты 1999 жылғы 29 желтоқсандағы N 99/2000 Кеңес регламенті (ЕК, EURATOM)

## 2. Іс-эрекеттер бағдарламасын қысқаша сипаттау

Осы іс-әрекеттер бағдарламасы ТАСИС ынтымақтастығының өнірлік стратегиясы жөніндегі құжатқа және Комиссия 2003 жылғы 11 сәуірде қабылдаған 2004-2006 жылдарға арналған индикативтік бағдарламаға сәйкес әзірленді. 53,6 миллион Еуро бюджеті бар 2005 жылға арналған ТАСИС қызметінің өнірлік бағдарламасы ТМД елдерінде мемлекетаралық іс-шараларға қолдау көрсетеді және келесі үш тақырыптық облыстарға негізгі назар аударатын болады.

## 2.1 Табиғи ресурстарды тұрақты басқару

"Табиғи ресурстарды тұрақты басқару" құрауышының жалпы мақсаты - табиғи ресурстарын тұрақты пайдалану ісінде прогрессі қамтамасыз ету және, атап айтқанда, су, орман және энергетикаға қатысты ресурстар тиімділігін арттыру, экологиялық жағдайды және денсаулықты жақсарту, экономикалық дамуға септігін тигізу және тұрақтылық пен қауіпсіздікке үлесін қосу. Осы мәселелер Дүниежүзілік Саммитте тұрақты даму мәселелері бойынша (ТДДС) анықталған басымдыққа жауап береді.

Саммитке қатысушылар "басым облыс ретінде "экономикалық және әлеуметтік дамудың табиғи ресурстары деректерін қорғау және оларды басқаруды" анықтады. Осы басымдықтар ЕО-ның тұрақты даму стратегиясына да жауап береді.

Индикативтік бағдарлама үш басым облыстарды анықтайды: су ресурстарын басқару; биоэралуандық және орман ресурстарын тұрақты дамыту; климаттың өзгеруі. 2004 жылға арналған ТАСИС іс-әрекеттерінің өнірлік бағдарламасына сәйкес, осы Қызметтер бағдарламасында 4 салада септігін тигізу негізінде акцент су ресурстарын басқаруға қойылатын болады:

#### 2.1.1 Су, жеткізу және санитария саласында инвестицияларды бірлесіп қаржыландыру

Осы жобаның мақсаты - су ресурстарын біріктірілген басқару және ТАСИС өнірінің елдерінде тұрақты су жеткізуге қол жеткізу мен санитарияны (WS&S) арттыру саласында қолдау көрсету жолымен мыңжылдыққа арналған Даму Мақсаттарына қол жеткізу ге

Ү л е с і н қ о с у .

Су жеткізу және санитария саласында инвестициялау жобаларын іріктеу және іске асыру ТАСИС өнірінің шек қойылған аудандарында пилоттық негізде жүзеге асырылады. Накты жобаларды іске асыру үшін ЕК Қаржы институттарына-әріптерге (ҚИ) тікелей келісім жасасу құқығын береді, оның шеңберінде жалпы қаражат реттелетін болады. ЕК өзінің үлесін ҚИ жобаны іске асыру үшін бенефициар елге беретін қарызға қосымша грант негізінде қосады.

Бюджет ҚИ арасында да, бенефициар-елдер арасында да алдын ала бөлінбейтін болады. Бюджетті бөлу бастапқы кезеңде жоба бойынша барлық тараптармен келісілген жобалардың бірқатары негізінде жүргізілетін болады. Жобаның шеңберінде инвестиацияларды іріктеу үшін тиімділік критерийлерін талқылауға ЕО-ның Су Бастамасы Жұмыс тобын (EUWI) ЕЕССА құрауышын тарту мүмкіндігі қарастырылады

Жобаның шеңберінде ҚИ-әріптер, Еуропа Комиссиясы және бенефициарлар өкілдіктер арасында келісілетін тиімділіктің бірқатар өлшемдері қанағаттандырылады. EUWI Жұмыс тобына ұсынылатын жоба басым ретінде жоғарыда көрсетілген критерийлерді қанағаттандыратын және өнірде, ЕК қаржыландыратын дайындық шеңберінде техникалық-экономикалық талдау барысында зерттелген инвестиацияларды, сондай-ақ басқа қазіргі өнірлік бастамаларды, мысалы, EUWI-EECCA жұмыс тобын анықтауды .

Қаражат тапшылығына байланысты, осы іс-шаралар пилоттық негізде өткізілетін болады: тұрғын күтілетін нәтиже халықтың суға мұқтажын қанағаттандыру және санитария бойынша мақсатты елдерде саяси міндеттемелерді нығайтуы тиіс. Орталық үкіметті толық қолдау кезінде басқа елді мекендерде осы іс-шараларды өткізуға септігін тигізу арқылы осы мақсаттарға қол жеткізілетін болады.

#### 2.1.2 ОЭСР су ресурстарын басқару жобасына септігін тигізу

Көптеген жағдайларда муниципалды су инфрақұрылымы ауыр халде және көрсетілетін қызметтер деңгейімен қатар нашарлауда. Бұл халықтың денсаулығына, экономикалық және әлеуметтік дамуына және экологияға теріс әсерін тигізді.

Инвестицияларды жоспарлаудың төмен деңгейі байқалады. Жобаларды сәйкестендіру және басымдандыру процесі қаржыландырудың сыртқы көздерін тарту үшін сенімсіздеу. Бақылау қызметі мен басқару мақсатының жоқтығы жабдық халыққа барабар және тиімді қызмет жеткізуге есептелмегенін білдіреді. Саяси міндеттемелер деңгейі төмен және су ресурстарын басқару барлық деңгейлерде төмен.

Жоба су секторында қаржылық стратегия дайындауға септігін тигізу жолымен орталық үкімет деңгейінде де, потенциалды арттыру және қызметтер көрсету деңгейін жақсарту жолымен муниципалитет және жарақтандыру деңгейінде де осы мәселелерді шешуе

б а ф ы т т а л ғ а н .

Жобаның шенберінде бенефициар-мемлекеттердің, ЕК Қызметтерінің, мүше-мемлекеттердің және ҚИ-әріптердердің консультациялық органы есебінде жұмыс істеуі тиіс ЕО-ның Су Бастамасының ЕЕСА құрауышының қазіргі Жұмыс тобымен байланыс орнатылады. Жобаны іске асыру саласында әріпtes ЕАР-дың Жұмыс тобының хатшылығы (Коршаган ортаны қорғау жөніндегі қызметтер бағдарламасы) есебінде жұмыс істейтін 03СР болып табылады. ЕАР-дың Жұмыс тобы, өз ретінде, су саясатымен байланысты мәселелер бойынша ТМД елдері арасында талқылауды үйлестіруде белсенді роль ойнайды.

### 2.1.3 Су ресурстарын басқару

ЕК немесе басқа донорлар қаржыландыратын кейбір іске асырылатын өнірлік бағдарламалар су секторында өнірлік ынтымақтастықты нығайтады. Алайда, олар міндетті түрде су ресурстарының ластануын қысқартуға және өнірлік өзендерден ағыс бойынша жоғарыға шектелген су ресурстарын тиімді пайдалануға бағытталған қажет құқықтық, еріксіз және түзетілген шараларға әкелмейді.

Жобаның жалпы мақсаты ластануды қысқарту, әділ болу және шектелген су ресурстарын тиімді пайдалану, трансшекаралық өзендер секілді жалпы су ресурстарының санын арттыру болып табылған кезде, нақты мақсат су ресурстары мәселелері жөніндегі заңнаманы жетілдіруге және оны қолдануға, оның ЕО стандарттарына және тәжірибелеріне жақындауына негізделеді.

Еуропа Комиссиясының басшылығымен ЕО-ның Су Бастамасы Жұмыс тобының шенберінде бенефициар мемлекеттермен және БҰҰ ЕЭК, БҰҰДБ және ОЭСР секілді тиісті халықаралық ұйымдармен консультация ұлттық Парламенттерге ұсыну үшін су кодекстерін немесе олардың жобаларын жетілдіруге әкелуі және іске асыруға қажет әкімшілік бүйректарға, сондай-ақ су заңнамасын қолдануға жауапты инспекторлардың қабілетін нығайтуға әкеп соқтыруы тиіс.

### 2.1.4 Тобыл және Ертіс өзендерінің бассейндерінде трансшекаралық өзендерді басқару

Саяси қысым көздерін жоя алатын іс-шараларды өткізу қажеттілігі - су ресурстарын бөлуді қоса алғанда - Орталық Азия бойынша Өңірлік Стратегия Бағдарламасында және 2000-2004 жылдарға арналған индикативті бағдарламада анықталды. Олар сондай-ақ, өзгеден басқа, әділ басқаруды дамыту, экология және су ресурстарын басқару саласындағы ынтымақтастық негізінде қарым-қатынастарды нығайту қажеттілігіне де көрсетеді. Бұл бұрынғы бағдарламаларда анықталған басымдылықтарды көрсетеді, олардың негізінде, өзгеден басқа, 1999 жылға арналған ТАСИС Мемлекетаралық бағдарламасының шеңберінде қаржыландырылатын төрт өзендерді бірлесіп басқару жобаларының бірі, Тобыл су ресурстарын басқару жобасын

і ск е                                  а с ы р у                                  б а с т а л д ы .

Осы жоба Қазақстанның солтүстігі мен Орталық Сібірдің оңтүстігін қамтитын Оба өзенінің жоғарғы бассейнінің елеулі бөлігін біріктірілген басқаруды қамтамасыз ету мақсатында оның екі саласы бойынша жобалар шеңберінде Тобыл бойынша жобаны іске асыру барысында алынған тәжірибелі өткізуге бағытталған. Мұнда жер үсті сулары негізгі немесе жалғыз ауыз су көзі болып табылады. Сан мен сапаны тиімді басқару муниципалды су жеткізушілердің қауіпсіз жеткізулерін қамтамасыз ету үшін

У л к е н                                  м ә н г е                                  и е .

Жоба аяқталғаннан кейін үш негізгі нәтижеге қол жеткізу күтілуде:

- Трансшекаралық, сондай-ақ ұлттық және жергілікті деңгейлерде су ресурстарын басқару жөніндегі іс-шараларды бекіту, өзгерту, сосын бақылау үшін форум құру;
  - Жобаның бенефициарлары бола тұрып, өзенді басқару жоспарын дайындау және іске асыру процесін басқара алатын институционалды және практикалық құрылымдар;
- ж        ә        н        е

- Жер үсті (және жер асты) суларына қатысты тиісті мақсаттары мен мәселелері бар ж о с п а р .

Жобаның шеңберінде мониторинг тетіктерін құруда немесе қалпына келтіруде қолдау көрсетумен қатар әрбір елде өзен бассейндерін басқарудың қазіргі құрылымдарына техникалық көмек көрсету талап етіледі. Мұнда сынамаларды өлшеуге, алуға жабдықтарды жеткізу және негізінен талдамалы құжаттарды жеткізу кіреді.

## 2.2 Сауда мен инвестицияны дамыту

Сауда мен инвестиацияны дамытуға қатысу мақсаты сауда мен инвестиацияны дамыту және кеңейту, сенімділік пен қауіпсіздікті арттыру, сондай-ақ бар энергетикалық және көлік желілерінің денсаулық пен қоршаган ортаға әсерін төмендету үшін, сондай-ақ осы секторлар бойынша статистикалық ақпаратты жақсарту үшін ТМД елдері арасында энергетика, көлік және телекоммуникация саласында ынтымақтастықты қамтамасыз ету болып табылады. Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін осы Қызыметтер бағдарламасы ТРАСЕК және ИНОГЕЙТ бастамаларына негізгі назар аударып отыр. Бастамашылық жобалар әріптес елдер үкіметімен тиісті консультациядан және өңірлік жиналыстарда Министрлер (көлік және энергетика)

денгейінде бекіткеннен кейін ірітелгенін атап өткен жөн, бұл болса, сәйкестендіру процесін аяқтайды.

### 2.2.1 ТРАСЕКА бағдарламасы

2005 жылға арналған Қызметтер бағдарламасының шеңберіндегі Бағдарламаның жалпы мақсаты техникалық-экономикалық талдау және инвестициялардағы қажеттілікті анықтау негізінде, сондай-ақ ірітеме бастамашылық инвестициялар негізінде өнірлік ынтымақтастықты дамыту, потенциалды арттыру және тренингтер өткізу жолымен ТРАСЕКА коридорының шеңберінде ЕС және ТРАСЕКА елдері арасындағы сауда және көлік саясатын одан әрі үйлестіру болып табылады. Ұсынылып отырған жобалар шеңберінде 2004 жылғы 14 қарашада Бакуде, Азербайжанда өткен көлік мәселелері жөнінде жоғары деңгейдегі Конференцияның нәтижелері ескеріледі. Осы нәтижелердің негізінде өнір мен ЕС арасында көлік саласындағы одан әрі ынтымақтастық дамиды. 2005 жылға арналған Қызметтер бағдарламасының шеңберінде келесі алты іс-шара қаржыландырылатын болады:

a) ТРАСЕКА елдері үшін трафикті талдау мен болжау және өңірапалық көлікті біріктіру. Жобаның шеңберінде ТРАСЕК елдерінде сауда мен көлікті болжау үшін қызметті жоспарлау құралы мен бағалау құралы ұсынылатын болады.

b) ЕС және Қара және Каспий теңіздері бассейнінің елдері арасындағы көлік диалогы. Мақсаты - негізгі трансъевропалық көлік белдігін кеңейту жөніндегі тұрақты диалогты қолдау және көлік саласында, атап айтқанда, жолдағы қауіпсіздікке және өзара іс-әрекет мүмкіндігіне қатысты тұрақты шешім іздеу.

c) ТМД елдерінде көлік мәселелері бойынша оқыту саласында потенциалды н ы ғ а й т у .

d) Тбилиси мен Ереван арасында темір жол байланысын қалпына келтіру. Осы іс-шара техникалық-экономикалық талдауды да, белгілі басым қажеттіліктерге сәйкес жеткізу д е қ а м т и д ы .

e) Украина порты бойынша стратегияны дамытуды техникалық-экономикалық талдау. Екі мақсатты көздейді және, бірінші кезекте, украин порты бойынша стратегияны дамытуға, оның шеңберінде ТРАСЕК коридорының тиісті порттарымен байланысты әлсіз және күшті тараптар, мүмкіндіктер мен қатерлер бағаланатын болады және, екіншіден, банк үшін техникалық-экономикалық талдауды дайындауға алып келетін неғұрлым көп үміт арттыратын шараларды егжей-тегжейлі бағалауға бағытталған .

f) Чисинау/румын шекарасы жолын қалпына келтіру және кеңейту (техникалық-экономикалық талдау). Жалпы мақсаты өнірлік және халықаралық нарықтарға қол жетімділікті арттыруға негізделеді. Нақты мақсаты - банк есепке алуға жатқызатын техникалық-экономикалық талдау, ол одан әрі қаржыландыру және іске асыру үшін жолдарды қалпына келтіру жөнінде ұсынылып отырған жобаны шешу, қабылдау, сәндендіру немесе қабылдамай тастау үшін жеткілікті ақпарат береді.

## 2.2.2 ИНОГЕЙТ бағдарламасы

2004-2006 жылдарға арналған ИБ-да белгіленген энергетикалық сектор бойынша басымдылықтар (ЕС стандарттарымен және ережелерімен үйлесу; қауіпсіздік пен сенімділік аспектісі; экология мен денсаулыққа әсер ету) келесі үш іс-шаралардың негізіндегі қарастырылады:

а) Шығыс Еуропа мен Кавказда газ және мұнай саласында ЕС стандарттары мен тәжірибелерін үйлестіру.

Жобаның жалпы саласы елдердің газ бен мұнай өндірудің/берудің/сақтаудың барлық құрауыштарына қатысты әзірлеу, салу, өндіру, тестілеу, сертификаттау, аккредиттеу, пайдалану, сақтау және қызмет көрсету мақсатында халықаралық стандарттарды, ережелер мен тәжірибелерді қабылдаудың қолдау көрсетуге бағытталған. (Мысалы, Кеңес Одағының уақытынан бастап бүгінгі күнге дейін нормалар мен стандарттар (ГОСТ және СНИП) газ құбырлары жүйесін пайдалануға және оларға қызмет көрсетуге пайдаланылады. Жоба ЕС, ISO және ANSI/ASME нормалары сияқты дүниежүзі мойындаған стандарттар мен нормаларға көшу кезінде елдерге қолдау көрсетуге бағытталатын болады).

б) Мұнай және мұнай өнімдері метрологиясын қосу үшін Шығыс Еуропада табиғи газ бойынша Метрология Орталығын кеңейту жөніндегі техникалық-экономикалық талдау.

Жалпы мақсаты мұнай және мұнай өнімдері метрологиясы бойынша дүниежүзі мойындаған және сертификатталған шығыс Еуропа Өңірлік Орталығын құруға септігін тигізуге негізделеді, оның негізгі функциясы оларды тасымалдау кезінде қолданылатын, дүниежүзі мойындаған стандарттарға сыйысымды өлшеу техникаларын жетілдіру болады. Орталық Боярскіде (Украина) орналасқан.

с) Шығыс Еуропадағы және Кавказдағы негізгі газ көлік инфрақұрылымының қауіпсіздігі және сенімділігі.

Жоба негізгі транзит бағыттарында газдың жоғалуын қысқарту мақсатында бәрін қамтитын және басым қызметтер бағдарламасын әзірлеу негізінде энергетикалық жеткізулердің қауіпсіздігі мен сенімділігін арттыруға бағытталған.

### **2.3 Әділ сот және құқықтық тәртіп**

2004-2006 жылдарға арналған индикативтік бағдарлама үш негізгі саланы қамтиды: шекаралық бақылауды нығайту; баспана беру және көші-қон; үйымдастыру қылмыспен күрес. 2005 жылға арналған осы өнірлік Қызметтер бағдарламасының шенберінде ресурстар тату көршінің Еуропа саясаты шенберінде осы өнірге, берілетін маңызды басымдықты есепке ала отырып, ТМД-нің шығыс елдерінде де, Орталық Азияда да шекараларды басқару аспектілеріне шоғырланатын болады. Мұндай есірткі саудасы мен адам саудасы сияқты проблемалар Орталық Азия үшін Қызметтер бағдарламасының шенберінде қарастырылатын болады.

Мақсаты - заңсыз көші-қонды, сондай-ақ жасырын көшіп келушілер

контрабандалары мен ТМД аумағында және ЕС жолында адам саудасын қысқарту мақсатында ТМД елдерінде шекараны басқарудың біріктілген жүйесін құру. Жобаның шенберінде Украина, Молдова, Беларусь және ЕС-тің кеңейтілген шекарасы бойындағы жаңа мемлекеттер - ЕС мүшелері арасындағы траншекаралық ынтымақтастық та нығайтылатын болады. Бұл бағдарлама егжей-тегжейлі, себебі халықаралық конвенциялар және ООН қауіпсіздігі жөніндегі кеңестің бұрыштамасы шенберінде ұйымдаған қылмысқа және лаңкестікке қарсы дүниежүзілік қуресте күштерді қолдау саласында ЕС-тің міндеттемелері бар.

ТАСИС екі ірі бастаманы қолдайтын болады, бірі, ТМД елдерінде шекараларды басқаруды нығайтуға арналған, екіншісі, Орталық Азияда шекараларды басқаруға бағытталған.

### 2.3.1 Украина мен Молдова арасындағы шекараларды басқаруды қолдау

Шешімі табылмаған трансднестров мәселемен байланысты қындықтарды назарға ала отырып, Еуропа Комиссиясы 2002 жылдан бастап үш тарапты форматта екі тараптар арасындағы диалогты нығайту арқылы Украина мен Молдова арасындағы шекаралық ынтымақтастықты нығайтуға әрекеттенеді. Комиссияның үлесі екі тарап үшін ынтымақтастық саласында кейбір нақты шараларды анықтау мүмкіндігін құруға және 2003 жылы 1997 жылы іске асыруға (ең болмаса, ішінара) мүмкіндік беретін шарттар бойынша келісімге келуге көмектесті. Бірлескен шекара бекеттерін құру туралы халықаралық келісім және трансднестров секторын қоса алғанда, бірлескен шекараны межелеуді аяқтау. Жоба осы ынтымақтастықты қолдауды жалғастыруда, ол туралы саяси және техникалық деңгейде уағдаластыққа қол жеткізілді және оның екі нақты мақсаты бар:

1) Шекараны кесіп өтумен байланысты заңсыз іс-әрекеттерді (контрабанда, заңсыз сауда, сыйайлар жемқорлық) анықтау және оларға қарсы әрекеттер саласында потенциалды арттыра отырып, украина-молдова шекарасы арқылы адамдар мен тауарларды тасымалдауға септігін тигізу мақсатында украин-молдова шекарасында орналасқан кейбір шекаралық бекеттерде бірлескен басқаруды құру (деректермен алмасуды жүзеге асыруға септігін тигізетін жабдықтар, оқу инфракұрылым, ақпараттық құралдар).

2) Трансднестров мәселесін шешу үшін жағдай жасауға үлесін қоса отырып, жалпы украина-молдова шекарасын басқару саласында сенімділік жағдайын жасауға септігін тигізу және ынтымақтастық мақсатында жалпы украина-молдова шекарасын межелеуді аяқтау (зерттеулер, жұмыстар және жеткізулер). Украина мен Молдованың жалпы шекараларын межелеуді аяқтау.

### 2.3.2 Орталық Азияда шекараларды басқару бағдарламасы (ВОМСА 6)

Бірнеше жылдар бойы ЕК ВОМСА/CADAP - Орталық Азиядағы қауіпсіздік жөніндегі екі бағдарламаны іске асыруды жүзеге асырып отыр. Осы екі бағдарламаның жалпы мақсаты Орталық Азияның бес мемлекетіне қауіпсіздік саласында олардың

жағдайын жетілдіруге септігін тигізу және адамдар мен тауарларды шекара арқылы тасымалдауға бір уақытта септігін тигізу болып табылады. Атап айтқанда, ВОМСА шекараларды басқаруды жаңғыртуға бағытталған, ал CADAP заңсыз есірткімен сауданың және оларды пайдаланудың алдын алуға бағытталған.

ВОМСА 6 өзінің септігін Орталық Азияның 4 пилоттық шекаралық өнірлеріне шоғырландыратын болады. Эрбір пилоттық шекаралық өнірде ВОМСА 6 ЕО-ның ең жақсы мысалдарына сәйкес шекараларды қазіргі заманға сай басқару принциптерін енгізуіді көтермелеп отырады. Осы өнірлерде ВОМСА тауарларды заңды сатуға және адамдарды тасымалдауға бір уақытта септігін тигізе отырып, заңсыз трафиктің алдын алуға барытталады.

Жобаның шеңберінде ЕО көмегінің көрнекілігін қамтамасыз ету мәселесін қарастыру қажет, оған бұрын кейбір кезде назар аударылмады. Және, ең бастысы, үйлестіру мәселесі ынтымақтастық сияқты сезімтал салада елеулі нәтижелерге қол жеткізуде маңызды болып табылады.

### 3. ЕК өткен жылдарының тәжірибелері

#### 3.1 Табиғи ресурстарды тұрақты басқару

Өткен және қазіргі жобалар шеңберінде қоса алғанда, су ресурстарымен байланысты өнірдегі ЕК іс-шаралары су секторына инвестициялардың елеулі қажеттілігін ғана емес, сондай-ақ инвестицияларды тиісінше жоспарлау жеткіліксіздігін де және сапалық та сандық та қатынаста қызметтер көрсетудің нашар деңгейін де анықтады. Осы мәселелерге кейбір жауаптар да бар, мысалы, іске асырылып отырған Су Бастамасы шеңберінде немесе ЕЕССА елдерінің Экология министрлері қабылдаған қалалық су секторы реформалары бойынша басқаратын принциптер шеңберінде.

Соңғы жылдары ЕК шын мәнінде жобаларды іске асыруға дайындау жөнінде бірқатар қорларды қаржыландырды (негізінен Бірлескен экологиялық бағдарламаны, Қара теңізге инвестициялар қоры және су секторына инвестиацияларды қолдау). Муниципалды су схемасы және ағын сулар схемасы бойынша бірқатар зерттеулер өткізілді, олардың барысында, өзгеден басқа су жабдықтарының қуаттылығын арттыру мақсатында компьютерлік қамтамасыз ету саласындағы іс-шараларды болашақ инвестициялармен байланыстыру қажеттілігі анықталған болатын. Екі тарапты көзқарас шеңберінде осы техникалық-экономикалық зерттеулердің кейбіреулерін жалғастыру ұсынылып отыр, ол, бір тараптан, Халықаралық қаржы институттарының қарызын қолдауға грант қорын, екінші тараптан, реципиенттердің су жабдықтарының қуаттылығын арттыру тетіктерін және су заңнамасын дамытуды/қолдануды ұсынады.

ЕО-ның ХКИ-мен, атап айтқанда, Еуропа Қайта құру және Даму Банкісімен (ЕКДБ) және Дүниежүзілік банкпен ЕЕССА өнірінде су жеткізу және санитария секторында (

WS&S) муниципалды инфрақұрылымдарды дамыту саласында бірлесіп жұмыс істеген ұзақ тарихы бар. Бұдан басқа, ТАСИС үшін 2005-2008 жылдарға арналған экология мәселелері жөніндегі жұмысты дайындау мақсатында 2004 жылы өткізілген "Су ресурстарын тұрақты басқару саласында ЕЕССА-да өнірлік ынтымақтастықты талдау" су жеткізу және санитария секторына (WS&S) (немесе кез келген муниципалды қызмет көрсететін секторға) инвестицияларды қаржыландыру мүмкіндігі шектеулі екендігін байқады.

### 3.2 ТРАСЕК бағдарламасы

Сауда мен инвестицияны (желілерді) дамыту барысында ТАСИС-тің Өнірлік Бағдарламасынан алынған және ТРАСЕК-тің бағдарламасымен байланысты негізгі сабактардыбылайша білдіруге (бірақ шектемеуге) болады:

- Жобалар үстіңгі мақсаттарда және екінші кезектегі мен жалпы мақсаттар арасындағы байланысты қамтамасыз ету қажеттілігімен орталықтандырылатын болады.

- Масштаб тиімділіге қол жеткізу мақсатында өнірлік және өніраалық үйлестіруді қамтамасыз ету қажет, ресурстарды неғұрлым тиімді және пайдалы пайдалану және елдер арасында тәжірибелермен және ең жақсы мысалдармен алмасу.

- Реформалар барысында өзгерісті қамтамасыз ету мақсатында ЕО-ға септігін тигізу үшін ұзақ мерзімді стратегия мен көру қажет.

- Басқа донорлармен тығыс үйлесу және ЕК-нің өнірлерде қатысу көрнекілігін қамтамасыз ету үді арттыру.

ТРАСЕК-тің бағдарламасы шенберінде қол жеткізілген он нәтижелер негізінде бенефициар-елдер 2005 жылғы сәуірде Бакуде Үкіметаралық Кеңестің отырысында қабылданған 2005 жылға арналған Қызметтер бағдарламасының жобаларын бірлесіп қаржыландыру және ТРАСЕК-тің институционалды құрылымдары үшін қаржыландыру туралы бірлескен келісім арқылы өздеріне бағдарламаны иемденуді қабылдау өтінішін білдірді.

### 3.3 INOGATE бағдарламасы

INOGATE бағдарламасы энергетика саласында жобаларды қаржыландыру үшін шетел инвесторларын тарту жөніндегі катализатор және халықаралық қаржы институттары ретінде білінеді. Бұл әріптестер INOGATE-тің жобалар бойынша бенефициарларға ноу-хауды беруде және банк мұнай және газ бойынша жобаларды есепке алуға қабылдайтын жоғары сапалы сұрау салуларды дайындауда септігін тигізгені үшін өздерінің ризашылығын білдірді. Ұсынылып отырған жыл сайынғы бағдарлама бойынша үйлестіру және пікірлермен алмасу мақсатында министрлер деңгейінде жыл сайынғы кездесуді ұйымдастыру меншікті сезінуді және осылайша, бағдарламаның тұрақтылығын арттыруды.

### 3.4 Әділ сот және құқықтық тәртіп

Есірткі тарату проблемасына қойылған акцент уақыт өткен сайын, бір тараттан, қазіргі заманға сай құқық қорғау органдары мен әділет жүйелерін дамыту саласында потенциалды арттыру жөніндегі қызметтерді, ал екінші тараттан, түрлі қатерлерді қысқарту жөнінде қажет құралдарды біріктіре отырып, "қауіпсіздік пен көші-қонға" неғұрлым кең көзқарасқа сіңіп кетті. Шекаралық бақылауды нығайту шенберінде барлық құқық қорғау агенттіктері әділет пен полиция саласында халықаралық ынтымақтастықты дамытуға қатысады деп күтілуде.

#### **4. Қосымша іс-әрекеттер**

Осы 2005 жылға арналған өнірлік бағдарламаның шенберінде ұсынылып отырган іс-шаралар ТАСИС-тің тиісті Ұлттық Іс-әрекеттер бағдарламасы шенберінде ЕК қаржыландыратын басқа іс-шаралармен тығыз үйлесетін болады.

Олар шекараға жақын аудандарды экономикалық дамыту, қоршаған орта және жүқпалы аурулар, зансыз көші-қон, контрабанда және адамдар арасындағы қарым-қатынас сияқты географиялық жақындықтан пайда болатын жалпы мәселелерді шешуге бағытталған ТАСИС-тің Трансшекаралық ынтымақтастық бағдарламасын толықтыратын болады.

Олар сондай-ақ, Орталық Азия елдерінде тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және оларға тұрақты экономикалық дамуда және кедейлікті төмендетуде көмек көрсетуге бағытталатын Орталық Азия бойынша Іс-әрекеттер бағдарламасын толықтыратын болады.

Осы IӘ бағдарламасы шенберінде қаржыландырылатын жобаларға нақты қосымша іс-әрекеттер бойынша қосымша ақпарат осы құжатқа қоса берілетін жобаларды қысқаша сипаттауда беріледі.

#### **5. Басқа донорлармен үйлестіру**

##### Су ресурстарын басқару

Жобаларды іске асыру барысында бенефициар-мемлекеттердің, ЕК қызметтерінің, мүше-мемлекеттердің және ХҚИ-әріптестердің тұрақты консультациялық органы есебінде жұмыс істеуі тиіс ЕО-ның Су Бастамасы жөніндегі ЕЕССА Жұмыс тобының қазіргі құрауышымен үйлестіру жүзеге асырылады.

ОЭСР осы Жұмыс тобында қоршаған органды қорғау жөніндегі Іс-әрекеттер бағдарламасының шенберінде - 2002 жылға арналған ТАСИС-тің Өнірлік бағдарламасының шенберінде үнемі қаржыландырылатын - ТМД елдері арасында су саясаты бойынша бәрін қамтитын ұлттық құқықтық және әкімшілік шенберлерді дамыту бойынша, атап айтқанда, су қызметтеріне тиісті билік етуді, басқаруды және баға белгілеуді қамтамасыз етуге қатысты талқылауды белсенді үйлестіреді.

Ұлыбритания - DFID арқылы - Қазақстанда Су Ресурстарын Біріктірілген Басқару (

СРББ) жобасына белсенді қатысады (жоба аяқталған). Норвегия ПРООН-мен бірге СРББ-ге қатысады, сондай-ақ Дания - DEPA - арқылы ЕЕССА елдерінде су іс-шаралары на шолу жасады.

ЕЭК ООН "ТМД-де су ресурстары мәселелері бойынша трансшекаралық ынтымақтастық" бойынша шолу және су ресурстарын басқаруға қатысты ұсыныстармен ПРООН-ның стратегиялық бағдарламасын жариялады, ЕЭК ООН да, ПРООН да өз ұсыныстарын осы жобаға енгізгілері келеді.

### TRASEK бағдарламасы

TRASEK-тің Үнемі Хатшылығы және сауданы нығайту және институционалдық қолдау жөніндегі жоба сияқты TRASEK-тің институттары арқылы сауда мен көлік секторын нығайту саласында жобалардың тиімділігін өзара арттыру мақсатында өңірде басқа негізгі донорлармен үнемі диалог қамтамасыз етіледі. Олармен үнемі үйлестіру жүзеге асырылатын өңірдегі донорлық ұйымдарды ЕҚДБ, ДБ, АДБ, ЕЭК ООН, Кувейт даму қоры (KDF), Жапония ынтымақтастығы жөніндегі Халықаралық агенттігі (JICA) және ЮСАИД ұсынды.

### INOGATE бағдарламасы

ЕБРД-мен белсенді үйлестіру жүзеге асырылады, негізінен, инвестицияларды тарту саласында қолдауға бағытталған жобаларды іске асыру саласында, атап айтқанда:

- Мұнай-газ жобалары шенберінде инвестицияларды тарту үшін INOGATE-IFI-дің техникалық жәрдемдесуін қолдау жөніндегі қор
- Орталық Азияда газ жеткізуді және халықаралық тасымалдауды дамыту үшін тез әрекет етудің сарапшы қоры

2003 жылға арналған Ұлттық Іс-эрекеттер бағдарламасы шенберінде Ресей Федерациясында ЕО мен Ресей арасында газ саласында стандарттарды үйлестіру жөнінде ұқсас жобаны іске асыру ұсынылып отырғанын атап өту қажет, бұның осы жобаны сипаттаудың 1-құрауышына қатысы бар.

### Әділ сот және құқықтық тәртіп

ВОМСА шекараны басқару саласында жәрдемдесу үшін үйлестіру шенберлерін білдіреді. Шекара басқарудың кәсіптік жүйелерін дамыту тек ұзақ жылдар бойы жәрдемдесу шенберінде жүзеге асыруға болатын ұзақ мерзімді процесс болып табылады. Ең жақсы ықтимал нәтижелерге қол жеткізу үшін Орталық Азияда операция жүргізетін барлық әріптер бірдей араласу шенберінде өз іс-шараларын үйлестіру және еткізу маңызды. ВОМСА ұсынып отырған құрылымдық көзқарас мынадай үйлестіруді жүзеге асыруға мүмкіндік береді (Ұлыбритания және Германия ВОМСА шенберінде толығымен біріктірілген, Орталық Азияда шекараларды басқару жобасын қаржыландырады). Осы көзқарас донорлар арасында ынтымақтастық деңгейін арттыруға алып келуі тиіс; ұстемелердің қысқаруына және шекаралық жәрдемдесу тиімділігін арттыруға. Бұдан басқа, донорлар арасындағы арттырылған үйлестіру деңгейі саясат саласында ұсынымдарға елеулі салмағын тигизуі тиіс.

## 6. Құны және қаржыландыру

Бынтымақтастық саласы	Милион Еуро
Су ресурстарын тұрақты басқару	25.0
1. Су жеткізу және санитария секторына инвестицияларды бірлесіп қаржыландыру 2. ОЭСР су ресурстарын басқару жөніндегі жобаны қолдау 3. Су ресурстарын басқару 4. Тобыл-Ертіс өзендері бассейндерінде трансшекаралық өзендерді басқару жоспары	1 3 , 5 1 , 5 6 , 0 4,0
Сауда мен инвестицияны (желілерді) нығайту	16.0
5 . Т Р А С Е К б а ғ д а р л а м а с ы 6. ИНОГЕЙТ бағдарламасы	1 0 , 0 6,0
Әділ сот және құқықтық тәртіп	12.6
7. Украина мен Молдова арасында шекаралық ынтымақтастық саласындағы қолдау 8. Орталық Азия бойынша шекараларды басқару бағдарламасы	6,6 6,0
Жиыны	53.6

### Аббревиатуралар сөздігі

<b>OLAF</b>	
European Anti-Fraud Office	
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі Еуропалық Кеңсе	
<b>Court of Auditors</b>	
Есеп Палатасы	
<b>BOMCA</b>	
Border Management Central Asia Programme	
Орталық Азияда шекараларды басқару бағдарламасы	
<b>CADAP</b>	
Central-Asia Drug Action Programme	
Орталық Азияда есірткімен күрес жөніндегі бағдарлама	
<b>INOGATE</b>	
Inter-State Oil & Gas Transport to Europe	
Еуропаға мұнай мен газды мемлекетаралық тасымалдау	
<b>TRACECA</b>	
Transport Corridor Europe-Caucasus-Asia	
Еуропа-Кавказ-Азия көлік коридоры	

**BUMAD/БУМАД**

Belarus, Ukraine and Moldova against Drugs

Беларусь, Украина және Молдова Есірткіге қарсы

**СКАД/SCAD**

Southern Caucasus anti Drug Programme

Оңтүстік Кавказ есірткіге қарсы

**IOM/MOM**

International Organisation Migration

Көші-қон жөніндегі халықаралық үйым

**ISTC****International Scientific-Technical Center**

Халықаралық ғылыми-техникалық орталық (ХФТО)

**INTAS**

International Association for the Promotion of Cooperation with Scientists from the New Independent States of the Former Soviet Union

**EBRD/ESPP**

Еуропа Қайта құру және Даму банкі

**UNEP/ЮНЕП**

United Nations Environment Programme

Біріккен Ұлттар Үйіміның қоршаған орта жөніндегі бағдарламасы

**PRM**

Population, Refugees and Migration Bureau (US)

АҚШ-тың халықтың өсуі, босқындар және көші-қон жөніндегі бюросы

**TEN-T**

The Trans-European Transport Networks

Транс-европа көлік желілері

**WSSD**

World Summit Sustainable Development

Дүниежүзілік Тұрақты даму саммиті

**Millennium Development Goals**

Мыңжылдықтың даму мақсаттары

**EIWI**

EU Water Initiative
Еуропа Одағының су бастамасы
<b>EECCA</b>
Eastern Europe, Caucasus and Central Asia
Солтүстік Еуропа, Кавказ, Орталық Азия
<b>OECD</b>
Organization for Economic Cooperation and Development
Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы
<b>UNECE</b>
UN Economic Commission for Europe
БҮҮ-ның Еуропа Экономикалық Комиссиясы
<b>UNDP</b>
United Nations Development Programme
БҮҮ-ның Даму бағдарламасы (БҮҮДБ)
<b>ANSI</b>
American National Standards Institute
АҚШ-тың Стандарттау институты
<b>ASME</b>
American Society Mechanical Engineers
АҚШ-тың инженерлер механиктер қоғамы
<b>EAP</b>
Environmental Action Plan
Коршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-әрекеттер бағдарламасы
<b>DFID</b>
Department for International Development (UK)
Халықаралық Даму Департаменті (Ұлыбритания)
<b>IWRM</b>
Integrated Water Resource Management
Біріктірілген су ресурстарын басқару
<b>Justice and Home Affairs</b>
Әділ сот және құқықтық тәртіп

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК